



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 006 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2004 жылғы 3 наурыз

2004 жылғы ақпандағы қаржы рыногындағы жағдай туралы

1. Инфляция. 2004 жылғы ақпанда инфляциялық процестердің бәсеңдеуі жалғасты. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің ресми деректері бойынша бағаның өсуі бір айда 0,5%-ті құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 0,7%-ке, азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 0,1%-ке, халыққа ақылы қызмет көрсету – 0,3%-ке өсті.

Ағымдағы жылдың басынан бері инфляция деңгейі 1,1%-ті (2003 жылғы қаңтар-ақпанда – 1,5%) құрады, сонымен бірге азық-түлік тауарларының бағасы 1,9%-ке, азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 0,1%-ке, халыққа ақылы қызмет көрсету – 0,5%-ке көтерілді.

2004 жылғы ақпанда 2004 жылғы қаңтардағы сияқты инфляция жылдық көрсетуде 6,4% болды.

2. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары. 2004 жылғы ақпан айында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағалармен алғанда 2%-ке өсіп, 5541,5 млн. долларға жетті. Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногында валюта сатып алуы және Қаржы министрлігінің шоттарына валютаның түсуі таза валюта қорларын (ЕАВ) 121,6 млн. долларға толықтыруға жағдай жасады. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 2,3%-ке төмендеуі нәтижесінде 14,6 млн. долларға азайды.

Елдің халықаралық резервтері, тұтастай алғанда, ақпанда Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша 3687,2 млн. долл.) 1,4%-ке өсіп, 9232,5 млн. долларға жетті.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі 2004 жылғы ақпанда ақша базасының 3,1%-ке ұлғайып, 307,8 млрд. теңгеге жетуіне себеп болды.

2004 жылғы қаңтарда ақша массасы өзгерген жоқ және 969,8 млрд. теңгені құрады. Банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің 8,6%-ке өсуі банк жүйесінің таза талаптарының Үкіметке және сол сияқты экономиканың басқа секторларына төмендеуі есебінен оның ішкі активтерінің 7,2%-ке азаюымен өтелді.

Қаңтарда айналыстағы қолма-қол ақшаның (M0) 3,2%-ке мерзімдік төмендеуі орын алып, 231,2 млрд. теңгеге жетті, ал ақша массасының құрылымында банк жүйесіндегі депозиттер 1%-ке өсіп, 738,7 млрд. теңгеге жетті. Айналыстағы қолма-қол ақшаның азаюы қаңтар айында депозиттердің өсуі барысында ақша массасының құрылымында соңғылардың үлесінің 75,4%-тен 76,2%-ке дейін және ақша мультипликаторы мәнінің 3,06-дан 3,25-ке дейін көбеюіне әкеп соқты.

3. Валюта рыногы. 2004 жылғы ақпан айы ішінде теңгенің айырбас бағамы бір доллар үшін 138,86-139,48 теңге шегінде ауытқыды. Бір айда теңге 0,2%-ке нығайды және ақпанның соңында оның биржалық бағамы бір доллар үшін 139,15 теңге болды. Жыл басынан бері теңгенің АҚШ долларына номиналдық нығаюы 2,9%-ті құрады.

Ақпанда биржалық операциялардың қосымша сауда-саттықтағы мәмілелерді қоса алғандағы көлемі қаңтармен салыстырғанда 25,3 %-ке төмендеп,

491 млн.долларға жетті, ал 2003 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда – 19%-ке төмендеді. Жыл басынан бері биржалық операциялардың көлемі 1148,5 млн. доллар болды.

Жедел деректер бойынша биржадан тыс валюта рыногындағы операциялардың көлемі қаңтармен салыстырғанда 31,1%-ке төмендеп, 459,2 млн. долл., ал 2003 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда – 2,1%-ке өсті. Банкаралық валюта рыногындағы операциялардың көлемі жыл басынан бері 1125,7 млн. доллар болды.

4. Мемлекеттік бағалы қағаздар рыногы. 2004 жылғы ақпанда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының көлемі бір айда 25,6%-ке ұлғайып, 9,6 млрд. теңгеге жетті. Бір мезгілде айналыстағы осы бағалы қағаздардың көлемі бір айда 2,9%-ке өсіп, 173,9 млрд. теңгеге жетті.

2004 жылғы ақпанда орта мерзімді қағаздарды орналастыру бойынша 4 аукцион өткізілді: 2, 4, 5 және 10 жылдық МЕОКАМ бойынша. 4 жылдық облигациялар бойынша тиімді кірістілік 8,16%-тен (18.11.02 ж.) 6,09%-ке дейін төмендеді, ал қалған құралдар бойынша өзгерген жоқ және 2 жылдық – 5,88%-ті, 5 жылдық – 6,18%-ті, 10 жылдық – 6,50%-ті құрады.

Қаржы министрлігінің сыйақы төлеуді қоса алғанда, мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеуі 2004 жылғы ақпанда 6,2 млрд. теңге болды.

Ұлттық Банктің ноттары эмиссиясының көлемі 2004 жылғы ақпанда олар бойынша орташа айлық тиімді кірістіліктің 5,05%-тен 5,04%-ке дейін шамалы төмендеуі кезінде бір айда 23,7%-ке төмендеп, 44,4 млрд. теңгеге жетті. 2004 жылғы ақпанда ноттарды өтеу көлемі 18,3 млрд. теңге болды. Қорытындысында айналыстағы ноттардың көлемі бір айда 11,1%-ке көбейіп, 249,6 млрд. теңге болды.

2004 жылғы ақпанда Ұлттық Банктің тікелей репо операциялары бойынша мәмілелер көлемі шамалы төмендеді (2,7%-ке төмендеп, 59,4 млрд. теңгеге жетті). Кері репо операциялары, сондай-ақ қайталама рынокта мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу және сату 2004 жылғы ақпанда жүргізілген жоқ.

5. Банкаралық ақша рыногы. 2004 жылғы қаңтарда банкаралық ақша рыногында өтімді құралдарды орналастыру бойынша банктер белсенділігінің төмендегені байқалды. 2003 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттердің көлемі 38,3%-ке азайып, 26,8 млрд.теңгеге жетті. Бұл орналастырылған теңгелік депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкаларының 2,78%-тен 3,85%-ке өсуі жағдайында болды.

Валюталық қарыз алу рыногында негізгі операциялар көлемі АҚШ долларындағы депозиттер есебінен жүзеге асырылды. Орналастырылған долларлық депозиттердің көлемі бір айда 11,6%-ке төмендеп, 1,3 млрд. АҚШ долларына жетті.

Долларлық депозиттер бойынша кірістілік деңгейі қаңтарда өсті: сыйақының орташа алынған ставкасы 1,73-тен 2,05 %-ке көтерілді.

Басқа валюта түрлерімен операциялар көлемі шамалы болды.

6. Депозит рыногы. Қаңтарда резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 1,0%-ке өсіп, 738,7 млрд. теңге болды (5,3 млрд. АҚШ долл.).

Қаңтарда шетел валютасындағы депозиттермен салыстырғанда ұлттық валютадағы депозиттердің қарқынды өсуі ең басты оң оқиға болды. Мәселен, ұлттық валютадағы депозиттер 3,2%-ке 399,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайған кезде, шетел валютасындағы депозиттер 1,5% 339,4 млрд. теңгеге дейін (2,4 млрд. АҚШ долл.) азайды.

Заңды тұлғалардың депозиттері 2,1%-ке 404,1 млрд. теңгеге дейін ұлғайғанда, жеке тұлғалардың салымдары 0,2%-ке 334,6 млрд. теңгеге дейін азайды.

Халықтың салымдары (резидент еместерді есептегенде) бір айда 0,2%-ке 342,6 млрд. теңгеге дейін азайды. Мұндай азаю депозиттердің әкетілуі себепті емес, АҚШ доллары бағамының күрт төмендеуі жағдайларында шетел валютасындағы салымдарды қайта бағалауға байланысты еді. Мәселен, қаңтарда халықтың салымдары (резидент еместерді есептегенде) доллар баламасымен 2,6%-ке 2,46 млрд. АҚШ долл. дейін ұлғайды. Халықтың салымдары құрылымында теңге депозиттері 10,9% өскенде, шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 6,8%-ке 200,0 млрд. теңгеге дейін азайды. Нәтижесінде теңге депозиттерінің үлес салмағы 37,5%-тен 41,6%-ке дейін ұлғайды.

Қаңтарда банктік емес заңды тұлғалардың мерзімді теңгелік депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 3,1% (2003 жылғы желтоқсанда - 3,5%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша - 10,0% (10,9%) болды.

7. Кредит рыногы. Қаңтарда банктердің экономикаға кредиттері бойынша негізгі борышының жалпы көлемі 0,4%-ке 974,6 млрд. теңгеге дейін азайды. Мұндай төмендеу теңге бағамының нығаюы және шетел валютасындағы кредиттердің қайта бағалануы себепті еді. Қаңтарда банктер кредиттерінің жалпы көлемі доллар баламасымен алғанда 2,4%-ке 7,0 млрд. АҚШ долл. дейін ұлғайды.

Ұлттық валютадағы кредиттер 3,7%-ке 451,5 млрд. теңгеге дейін ұлғайса, ал шетел валютасындағы кредиттер 3,6%-ке 523,1 млрд. теңгеге дейін (3,8 млрд. АҚШ долл.) азайды. Нәтижесінде теңге кредиттерінің үлес салмағы бір айда 44,5%-тен 46,3%-ке дейін ұлғайды.

Ұзақ мерзімді кредиттер 0,5%-ке 611,4 млрд. теңгеге дейін ұлғайған болса, қысқа мерзімді кредиттер 1,8%-ке 363,2 млрд. теңгеге дейін азайды. Нәтижесінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы бір айда 62,2%-тен 62,7%-ке дейін ұлғайды.

Банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттері бір айда 2,0%-ке 192,3% млрд. теңгеге дейін азайды.

Қаңтарда банктік емес заңды тұлғаларға берілген ұлттық валютадағы кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 15,0% (2003 жылғы желтоқсанда - 14,9%), жеке тұлғаларға берілген кредиттер бойынша - 19,4% (20,3%) болды.

